ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы

ӨРТ СӨНДІРУ БАҒАНАЛАРЫ

Жалпы техникалық шарттар

Техника пожарная

КОЛОНКИ ПОЖАРНЫЕ

Общие технические условия

ҚР СТ 2801–2015

(ГОСТ Р 53250–2009 «Өрт сөндіру техникасы. Өрт сөндіру бағанасы. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері», MOD)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы

ӨРТ СӨНДІРУ БАҒАНАЛАРЫ

Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 2801–2015

(ГОСТ Р 53250–2009 «Өрт сөндіру техникасы. Өрт сөндіру бағанасы. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері», MOD)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы **ӘЗІРЛЕП**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2015 жылғы «18» желтоқсандағы № 261-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Ресей Федерациясының ГОСТ Р 53250–2009 «Өрт сөндіру техникасы. Өрт сөндіру бағанасы. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері» ұлттық стандартына қатысты қосымша ережелер енгізу жолымен түрленеді, оларға «Кіріспе» құрылымдық элементінде және стандарт мәтіні бойынша түсіндірмелер курсивпен берілді.

ГОСТ Р 53250–2009 Ресей Федерациясы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың зардаптарын жою министрлігінің «Бүкілресейлік өртке қарсы қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» федералдық мемлекеттік мекемесі әзірлеген.

Негізінде осы стандарт әзірленген ГОСТ Р 53250–2009 ресми даналары, сондай-ақ онда сілтеме жасалған мемлекетаралық стандарттар Нормативтік техникалық құжаттардың бірегей мемлекеттік қорында бар.

«Нормативтік сілтемелер» аталатын 2-бөлімде нормативтік құжаттарға жасалған сілтемелер актуалдандырылған.

ГОСТ Р 53250–2009 құрылымын осы стандарттың құрылымымен салыстыру Е қосымшасында келтірілді. ГОСТ Р 53250–2009 құрылымы Қазақстан Республикасы Ұлттық стандартын құру, баяндау, рәсімдеу және мазмұндау ерекшеліктеріне байланысты өзгертілді.

Сәйкестік дәрежесі – түрлендірілген (MOD)

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы», 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V «Азаматтық қорғаныс туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 «Сәйкестікті растау рәсімдері» техникалық регламентін бекіту туралы», 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы», 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 «Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» қаулыларының нормалары іске асырылды.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2020 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» көрсеткішінде, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні – ай сайын шығатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (алмастырылған) немесе күшін жойған жағдайда тиісті ақпарат ай сайын шығатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жарияланатын болады.

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіріп басуға, көбейтуге және ресми басылым ретінде таратуға болмайды.

Мазмұны

	Кіріспе	V
1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Жіктелуі	3
5	Жалы техникалық талаптар	3
6	Қауіпсіздік талаптары	7
7	Қабылдау ережелері	7
8	Сынау әдістері	8
9	Тасымалдау және сақтау	15
10	Пайдалану бойынша нұсқаулар	15
11	Дайындаушының кепілдігі	15
	А қосымшасы (*ақпараттық*). Өрт сөндіру бағанасының схемасы	16
	Б қосымшасы (*міндетті*). Өрт сөндіру бағанасың бұранда сақинасының ішкі бұрандасының схемасы	17
	В қосымшасы (*міндетті*). Өрт сөндіру бағаналарын қабылдау-тапсыру, кезеңдік және сертификаттық сынақтардан өткізу бағдарламасы	18
	Г қосымшасы (*ақпараттық*). Өрт сөндіру бағанасының гидравликалық қарсылығының коэффициентін анықтау стендінің схемасы	20
	Е қосымшасы (*ақпараттық*). ГОСТ Р 53250–2009 құрылымын осы стандарттың құрылымымен салыстыру	21
	Библиография	24

Кіріспе

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 «Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» қаулысының 35-тармағында белгіленген талаптарды орындау мақсатында әзірленді және техникалық регламентке дәлелді база болып табылады.

Осы стандартқа енгізілген Ресей Федерациясының ГОСТ Р 53250–2009 ұлттық стандартына қатысты негізгі өзгертулер төменде санамаланды:

а) ҚР СТ 1.5–2013 талаптарына сәйкес осы стандарттың атауы «Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері» бөлігінде «Жалпы техникалық шарттар» деп өзгертілді.

б) «Жіктелуі» 4-бөлімі енгізілді;

в) мынадай кіші бөлімдер енгізілді:

- 8.1 «Сынақ шарттары»;
- 8.2 «Өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтары»;

г) мынадай қосымша талаптар енгізілді:

- әсер етуші факторларға төзімділік (5.5 кіші бөлім);
- таңбалауға (5.8 кіші бөлім);
- орауға (5.9 кіші бөлім);
- қауіпсіздікке (6 бөлім);
- қабылдау ережелеріне (7 бөлім);

д) мынадай Қосымшалар енгізілді:

- В (міндетті). Өрт сөндіру бағаналарын қабылдау-тапсыру, кезеңдік және сертификаттық сынақтардан өткізу бағдарламасы;
- Е (ақпараттық). ГОСТ Р 53250–2009 құрылымын осы стандарттың құрылымымен салыстыру

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы

ӨРТ СӨНДІРУ БАҒАНАЛАРЫ

Жалпы техникалық шарттар

Енгізілген күні 2017.01.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт жерасты *ҚР СТ 2800* бойынша өрт сөндіру гидранттарын ашып-жабуға және өрт сөндіру мұқтаждары үшін суқұбыры желілерінің су алу мақсатында өрт сөндіру жеңдерін қосуға арналған өрт сөндіру бағаналары на таралады.

Стандарттың ережелері өнімді әзірлеу және өндіріске қою, өндіру, өнімді өткізу және жетілдіру кезінде қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін сілтеме жасалатын мынадай нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 2.4–2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі.Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21–2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жүргізу және өлшеу құралдарының типін бекіту тәртібі.

ҚР СТ 2.30–2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75–2009 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жабдығын аттестаттау тәртібі.

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026–2002 Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналдық таңбалар. Жалпы техникалық талаптар және қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1174–2003 Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасы. Негізгі түрлері, орналастыру және қызмет көрсету.

ҚР СТ 1711 - 2007 Өрт сөндіру техникасы. Өрт сөндіру жабдығы. Өрт сөндіру жалғауыш бастиектері. Өрт қауіпсіздігінің техникалық талаптары. Сынау әдістері.

ҚР СТ 2800–2015 Өрт сөндіру техникасы. Жерасты өрт сөндіру гидранттары. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 2.601–2013 Конструкторлық құжаттаманың бірегей жүйесі. Пайдалану құжаттары.

ГОСТ 9.032–74 Жемірілуден және ескіруден қорғаудың бірегей жүйесі. Лак-бояу жағындылары. Топтары, техникалық талаптар және белгілеулер.

ГОСТ 9.104–79 Жемірілуден және ескіруден қорғаудың бірегей жүйесі. Лак-бояу жағындылары. Пайдалану шарттарының топтары.

ГОСТ 9.302–88 Жемірілуден және ескіруден қорғаудың бірегей жүйесі. Металл және металл емес бейорганикалық жабындар. Тексеру әдістері.

ГОСТ 9.402–2004 Жемірілуден және ескіруден қорғаудың бірегей жүйесі. Лак-бояу жағындылары. Металл беттерді бояуға дайындау.

ГОСТ 12.0.004–90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.0.230–2007 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қорғауды басқару жүйесі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.2.003–91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өндірістік жабдық. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.2.037–78 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт сөндіру техникасы. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 166–89 Штангенциркульдер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 427–75 Өлшегіш метал сызғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1020–97 Қалыптарда құйылған жез. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1583–93 Құйылған алюминий қорытпалар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1770-74 Зертханалық өлшеуіш шыны ыдыс. Цилиндрлер, мензуркалар, сауыттар, түтіктер. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 2405–88 Манометрлер, вакуумметрлер, мановакуумметрлер, арынөлшегіш, тарту күшін өлшегіш, тарту және арын күшін өлшегіш. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 2874–82 Ауыз су. Гигиеналық талаптар және сапаны бақылау.

ГОСТ 2991–85 Салмағы 500 кг дейін жүктерге арналған тұтас тақтай жәшіктер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 4666–75 Құбыржелілік шеген. Таңбалау және айыру бояуы.

ГОСТ 6357–81 Бірін-бірі алмастырудың негізгі нормалары. Цилиндр құбыр бұрандасы.

ГОСТ 9544-2005 Бекіткіш құбыржолы арқаулығы. Кластар және бекітпе қымталғандығының нормалары.

ГОСТ 9569–2006 Балауыздалған қағаз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 10877–76 Консервациялау майы К-17. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13837–79 Жалпы мақсаттағы динамометрлер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14192–96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 15150–69 Машиналар, аспаптар және басқа техникалық құралдар. Әртүрлі ауа-райлық аудандар үшін орындаулар. Сыртқы ортаның ауа-райлық факторларының әсері бөлігінде санаттары, пайдалану шарттары, сақталуы және тасымалдануы.

ГОСТ 16093–2004 Бірін-бірі алмастырудың негізгі нормалары. Метрикалық бұранда. Шақтамалар. Саңылаулап орнату.

ГОСТ 16504–81 Өнімді мемлекеттік сынау жүйесі. Өнімді сынау және сапасын бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 17756-72 Диаметрі 1-ден бастап 100 мм дейін толық бейінді бұранды қондырмалары бар бұранда тығындар. Құрылысы және негізгі өлшемдері.

ГОСТ 17757–72 Диаметрі 1-ден бастап 100 мм дейін қысқартылған бейінді бұранды қондырмалары бар бұранда тығындар. Құрылысы және негізгі өлшемдері.

ГОСТ 17763–72 Диаметрі 1-ден бастап 100 мм дейін толық бейінді бұранда сақиналар. Құрылысы және негізгі өлшемдері.

ГОСТ 17764–72 Диаметрі 1-ден бастап 100 мм дейін қысқартылған бейінді бұранда сақиналар. Құрылысы және негізгі өлшемдері.

ГОСТ 18321–73 Сапаны статистикалық бақылау. Тексеру өнімін таңдауды кездейсоқ іріктеу әдісі.

ГОСТ 18925–73 Диаметрі 1 $^{3}/_{4}$″ бастап 3 $^{3}/_{4}$″ дейін цилиндрлік құбыр бұрандасына арналған толық бейінді қондырмалары бар бұранда тығындар. Құрылысы және негізгі өлшемдері.

ГОСТ 18926–73 Диаметрі 1 $^{3}/_{4}$″ бастап 3 $^{3}/_{4}$″ дейін цилиндрлік құбыр бұрандасына арналған қысқартылған бейінді қондырмалары бар бұранда тығындар. Құрылысы және негізгі өлшемдері.

ГОСТ 18929–73 Диаметрі 1 $^{3}/_{4}$″ бастап 3 $^{3}/_{4}$″ дейін цилиндрлік құбыр бұрандасына арналған толық бейінді қондырмалары бар бұранда сақиналар. Құрылысы және негізгі өлшемдері.

ГОСТ 18930–73 Диаметрі 1 $^{3}/_{4}$″ бастап 3 $^{3}/_{4}$″ дейін цилиндрлік құбыр бұрандасына арналған қысқартылған бейінді қондырмалары бар бұранда сақиналар. Құрылысы және негізгі өлшемдері.

ГОСТ 23170–78 Машина жасау бұйымдарына арналған орау. Жалпы талаптар.

ГОСТ 24705–2004 Бірін-бірі алмастырудың негізгі нормалары. Метрикалық бұранда. Негізгі өлшемдері.

Ескертпе – Осы стандартты пайдалану кезінде сілтеме жасалған стандарттардың қолданыста екендігін жыл сайын басылып шығатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткішінен ағымдағы жыл жағдайына және сәйкесінше ай сайын басылып шығатын ағымдағы жылы жарияланған ақпараттық көрсеткіштер бойынша тексерген орынды. Егер сілтеме жасалып отырған құжат алмастырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдалану кезінде алмастырылған (өзгертілген) құжатты пайдалану керек. Егер сілтеме жасалған құжат алмастырусыз күшін жойған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ГОСТ 16504, [4] белгіленген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Кіріс келте құбыр:** Өрт сөндіру бағанасының тұрқына жұмысшы орта түсетін жағында орналасқан жалғағыш келте құбыр.

3.2 **Шығыс келте құбыр**: Өрт сөндіру бағанасының тұрқынан жұмысшы орта шығатын жағында орналасқан жалғағыш келте құбыр.

3.3 **Толастатқыш**: Тербеліс энергиясын сіңіруге яки оның амплитудасын төмендетуге арналған құрылғы немесе құрал.

3.4 **Жұмысшы қысым**, $P_{раб}$: Өрт сөндіру бағанасының жұмысқабілеттілігін қамтамасыз ететін қысым.

3.5 **Шартты өту**, *DN*: Кіріс және шығыс келте құбырлардың ішкі диаметрінің жуық сандық белгісі, ол құбыржолы жүйелерінің барлық жалғасқан құрамдастарына ортақ, өлшенетін шама болып табылмайды.

3.6 **Өрт сөндіру бағанасының орталық кілті:** Шетінде төртбұрышты бастиегі, жоғарғы бөлігінде орналасқан саптары бар Т -тәрізді құрылғы, ол өрт сөндіру бағанасы арқылы өтеді және өрт сөндіру гидрантының клапанын ашуға арналған.

3.7 **Шұраның соташығы:** Бекіткіш құрылғыны басқару органын өрт колнокасының бекіткіш құрылғысының клапанымен жалғастыратын өзек (тегершік).

4 Жіктелуі

Өрт сөндіру бағанасы пайдалану температурасының ауқымына қарай келесі типтерге жіктеледі:

а) тип 1 - минус 45 °С-тан 40 °С-қа дейін;

б) тип 2 - минус 60 °С-тан 40 °С-қа дейін.

5 Жалпы техникалық талаптар

5.1 Мақсаттылығына қойылатын талаптар

5.1.1 Өрт сөндіру бағаналары осы стандарттың және [4], стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.1.2 Өрт сөндіру бағаналарының мақсаттылығы көрсеткіштерінің параметрлері 1-кестеде белгіленген мәндерге сәйкес келуі тиіс.

5.2 Құрылысына қойылатын талаптар

5.2.1 Өрт сөндіру бағанасы тұрқының жоғарғы бөлігінде бекіткіш құрылғылары бар үштармақ орнатылуы тиіс, *ҚР СТ 1711* бойынша оның шығыс келте құбырларына шартты кірісі *DN* 80 өрт сөндіру жеңдерін қосуға арналған жалғағыш бастиектер бұралуы тиіс.

Өрт сөндіру бағаналарының схемалары А қосымшасының А.1 суретінде берілді.

1 Кесте– Өрт сөндіру бағаналары мақсаттылығының көрсеткіштері

Параметрінің атауы	Мәні
1 Жұмысшы қысым $P_{раб}$, (МПа), артық емес	1
2 Шартты кіріс, *DN*: а) кіріс келте құбырының б) шығыс келте құбырының	 125 80
3 Шығыс келте құбырының саны, дана., кем емес	2
4 Гидравликалық қарсылық коэффициенті, ξ , артық емес	10
5 Габариттік өлшемдері, мм, артық емес: а) ұзындығы (жалғағыш бастиектің тістері бойынша) б) ені (бағананың тұрқы бойынша) в) биіктігі	 430 190 1090
6 Салмағы, кг, артық емес	16

5.2.2 ҚР СТ 2800 бойынша өрт сөндіру бағанасы тұрқының төменгі бөлігінің жерасты өрт сөндіру гидрантына қосуға арналған ішкі бұрандасы дюймдік бұранда сақинасы болуы тиіс.

Өрт сөндіру бағанасының бұранда сақинасының ішкі бұрандасы Б қосымшасындағы Б.1 сурет пен Б.1 кестесіне сәйкес қабылданады.

5.2.3 Өрт бағанасы арқылы өрт гидрантының клапанын ашуға арналған, төменгі бөлігінде (25 ± 0,5) мм шаршылы орталық кілт кірісі болуы тиіс.

5.2.4 Өрт сөндіру бағанасының орталық кілтті бүлендеуіші болуы тиіс, ол бекіткіш құрылғылар ашық тұрған кезде оның айналып кетуіне жол бермейді.

5.2.5 Өрт сөндіру бағанасының кіріс келте құбырынан шығыс келте құбырлардың осіне дейінгі арақашықтық 850 мм кем болмауы тиіс.

5.2.6 Өрт сөндіру бағанасының құрылысы жұмысшы қысымнан 1,5 есе артық гидравликалық қысым кезіндегі беріктікті қамтамасыз етуі тиіс, *бұл кезде механикалық қираудың және көрінеу бүлінудің болуына жол берілмейді.*

5.2.7 Өрт сөндіру гидрантының құрылысы жинақталған күйінде жұмысшы қысымнан 1,2 есе артық қысым кезінде саңылаусыздығын және тығыздығын сақтауы тиіс, бұл кезде бөлшектердің сыртқы беттері мен қосылыс орындарында тамшы түріндегі дымқылдық іздерінің пайда болуына жол берілмейді.

Өрт сөндіру бағанасының бекіткіш құрылғыларының саңылаусыздығы ГОСТ 9544 бойынша 3 класқа сәйкес келуі тиіс.

5.3 Материалдар мен өнімдерге қойылатын талаптар

5.3.1 Өрт сөндіру бағаналары ның құйма бөлшектері ГОСТ 1583 талаптарына сәйкес келетін алюминий қорытпаларынан дайындалуы тиіс.

Механикалық қасиеттері бойынша бұранда сақинаның материалы ГОСТ 1020 бойынша жездің ЛК1 қасиетінен кем түспеуі тиіс.

Механикалық және жемірілуге қарсы қасиеттері пайдалану шарттарын қанағаттандыратын, өрт сөндіру колокасының сапасы мен сенімділігін нашарлатпайтын және оларға қойылатын талаптарға жауап беретін басқа материалдарды пайдалануға жол беріледі

5.3.2 Өрт сөндіру бағаналарын дайындау технологиясы оның жинақтаушы бірліктері мен бөлшектерінің толықтай бірін-бірі аламастыруын қамтамасыз етуі тиіс.

5.3.3 Өрт сөндіру колокаларының бөлшектерінде жемірілу, жапырылу, жаншылу, сызат іздері және басқа механикалық бүлінулер мен ақаулардың болуына жол берілмейді.

Бөлшектердегі үшкір бұрыштар мен жиектер доғалдандырылуы тиіс.

5.3.4 Метрикалық бұрандалар ГОСТ 24705 сәйкес келуі тиіс, ГОСТ 16093 бойынша жиектері:

а) ішкі метрикалық бұранда үшін – 7*H*;

б) сыртқы метрикалық бұранда үшін – 8*g*.

ГОСТ 6357 бойынша цилиндрлік құбыр бұрандалар В класына сәйкес келуі тиіс.

Бұранданың бетінде жарықтар, әр жерінде үзілулер, тегіс емес жерлер болса, олар тереңдігі бойынша бұранданың орташа диаметрінің шегінен шығып кетсе және олардың жалпы ұзындығы орам ұзындығының жартысынан асса, оларды пайдалануға жол берілмейді.

5.3.5 Жекелеген бөлшектерді, жинақ бірліктерін бекіту, өрт сөндіру бағанасын пайдалану кезінде олардың өздігінен босап және ағытылып кетуін болдырмауы тиіс.

5.4 Эргономика талаптары

5.4.1 Өрт сөндіру бағанасының орталық кілті тұрып қалмай еркін және біркелкі айналуы тиіс, бұл кезде кілт сабының айналу сәті 20 Н·м аспауы тиіс.

5.4.2 Өрт бағанасының шұрасының соташығы жайлап барып толық жүріске ауысуы тиіс, бұл кезде жұмысшы қысымның әсерімен бекіткіш құрылғының тегершігін айналдыруға қажетті күш 450 Н аспауы тиіс.

5.5 Әсер етуші факторларға төзімділік талаптары

5.5.1 Өрт сөндіру бағаналары ГОСТ 15150 талаптарына ауа-райлық әсерлерге төзімділік бойынша орындау санаттары бөлігінде сәйкес келуі және У әлде УХЛ ауа-райлық орындауда дайындалуы тиіс, ГОСТ 15150 бойынша санаты 1.1.

5.5.2 Өрт сөндіру бағаналары ның бөлшектері механикалық және жемірілуге қарсы қасиеттері бар, белгіленген пайдалану шарттарында сумен жұмыс істеу кезінде өнімдердің жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін материалдардан дайындалуы қажет.

5.5.3 *Бірден байқау үшін өрт сөндіру бағанасы* [3], *бойынша сигналдық қызыл түсті лак-бояу жағынмен сырлануы тиіс, бұл кезде өрт сөндіру бағанасының сыртқы бетінің лак-бояу жағындысы ГОСТ 9.032 талаптарына сәйкес болуы, ГОСТ 9.104 бойынша УХЛ 4 пайдалану шарттары үшін кемінде VI класты болуы тиіс.*

Металл беттерді бояу алдында дайындау ГОСТ 9.402 талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Лак-бояу жағындылары өзінің қасиеттерін өрт сөндіру бағанасына берілген пайдалану құжаттамасында белгіленген пайдалану мерзімі бойына сақтауы тиіс.

5.6 Сенімділік талаптары

5.6.1 Өрт сөндіру колнкасының қызмет мерзімі 10 жылдан кем болмауы тиіс.

5.6.2 Өрт сөндіру бағанасы 400 қолдану циклынан кейін де жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс.

Ескертпе – Цикл деп өрт бағанасының бекіткіш құрылғыларының жұмысшы қысым кезінде толық ашылуы мен жабылуын есептеу керек.

5.7 Жиынтықтылығы

5.7.1 1 Жеткізілімнің жинағына:

а) өрт сөндіру бағанасы және пайдалану құжаттамасында көзделген жинақтаушы өнімдер;

б) пайдалану құжаттары: паспорт; техникалық сипаттау; пайдалану жөніндегі нұсқаулық немесе ГОСТ 2.601 талаптарына сәйкес оларды алмастыратын бірегей құжат кіруі тиіс.

5.7.2 Пайдалану құжаттамасында 5.2.1 сәйкес мақсаттылық көрсеткіштерінің параметрлері және олардың мәндері көрсетілуі тиіс.

Ескертпе – Қажет болған жағдайда мақсаттылық көрсеткіштерінің номенклатурасына 5.1.2. көрсетілмеген параметрлер мен олардың мәндері енгізілуі мүмкін.

5.7.3 *Пайдалану құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалуы тиіс.*

5.8 Таңбалау

5.8.1 Өрт сөндіру бағанасы *ГОСТ 4666 және* [2], *талаптарына,* сондай-ақ пайдалану құжаттамасына сәйкес таңбалануы тиіс.

5.8.2 *Таңба өрт сөндіру бағанасының бүйір бетіне техникалық қызмет көрсетуге және пайдалану құжаттамасымен салыстыруға ыңғайлы жерге салынуы тиіс.*

5.8.3 Өрт сөндіру бағанасының таңбасы мынадай ақпаратты құрауы тиіс:

а) дайындаушының атауы, мекенжайы және тауарлық белгісі;

б) дайындаушының жүйесі бойынша шартты белгі;

в)жұмысшы қысым, МПа;

г) дайындалған жылы.

5.8.4 Таңбаны салу әдісі өрт сөндіру бағанасының қызмет мерзімі бойына таңбаның сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.9 Орау

5.9.1 Орау алдында өрт сөндіру бағанасы тазалануы, ішкі қуыстары кептірілуі тиіс.

5.9.2 Өрт сөндіру бағанасы орам қағазымен оралуы және ГОСТ 2991 бойынша жәшікке немесе тасымалдау және сақтау кезінде бүтіндігін қамтамасыз ететін басқа ыдысқа салынуы тиіс, *бұл кезде өрт сөндіру бағанасының бекіткіш құрылғысы тығындармен жабылуы тиіс.*

5.9.3 Орау ГОСТ 23170, [1] талаптарына сәйкес болуы және өрт сөндіру бағанасын тиеу, тасымалдау мен түсіру кезінде оның жәшікте (ыдыста) жылжып кетуін болдырмайтындай етіп орындалуы тиіс.

5.9.4 Ыдысқа ГОСТ 14192 талаптарына сәйкес көліктік таңба салынады..

5.9.5 *Өрт сөндіру бағанасын тасымалдау ыдысының түрі және таңбалануы дайындаушы мен тұтынушының арасындағы келісім бойынша айқындалады.*

5.9.6 *Тасымалдау және сақтау кезінде дұрыс әрекет істеу үшін әрбір ыдысқа немесе орамға* ГОСТ 14192 *бойынша «Сынады. Абайлаңызо», «Жоғарых» және «Күн сәулесінен қорғалсын» деген манипуляциялық белгілер салынуы тиіс.*

5.9.7 Өрт сөндіру колнкасына арналған пайдалану құжаттамасы ГОСТ 9569 бойынша *«Е» немесе «Б» маркалы орау қағазына яки «БП-5» маркалы парафинделген қағазға оралуы немесе полиэтилен пакетке салынуы және «Құжаттама осында» деп көрсетіліп, өрт сөндіру гидрантымен бірге ыдысқа салынуы тиіс.*

6 Қауіпсіздік талаптары

6.1 *Өрт сөндіру бағанасын пайдалану, техникалық қызмет көрсету, сынау және жөндеу кезінде ҚР СТ 1174,* ГОСТ 12.2.003, ГОСТ 12.2.037, [4], *осы стандарттың, және стандарттау жөніндегі өзге нормативтік құжаттарда көрсетілген қауіпсіздік талаптары сақталуы тиіс.*

6.2 *Сынақтар мен жөндеу жұмыстары жүргізілетін орындарда ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026* және [3], талаптарына сәйкес «Сынақ жүргізіліп жатыр» деген түсіндірме жазбамен қоса *«Назар аударыңыз. Қауіпті» ескерту белгілері орнатылуы, сондай-ақ қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулар мен ережелер ілінуі тиіс.*

6.3 *Өрт сөндіру бағанасына техникалық қызмет көрсету, сынау және жөндеу жұмыстарына:*

а) ГОСТ 12.0.004 және ГОСТ 12.0.230 бойынша *арнайы нұсқаудан, қауіпсіз еңбек әдістеріне оқудан өткен;*

б) *қолданыстағы заңнамаға сәйкес медициналық тексеруден өткен тұлғалар жіберіледі.*

7 Қабылдау ережелері

7.1 Өрт сөндіру бағаналары :

а) *қабылдау;*

б) *біліктілік;*

в) қабылдау-тапсыру;

г) кезеңдік;

д) типтік;

е) сенімділік;

ж) *сертификаттау сынақтарына ұшырайды.*

7.2 *Өрт сөндіру бағаналарын қабылдау сынақтары тәжірибелік топ үлгілеріне жүргізіледі. Қабылдау сынақтарының көлемі мен жүргізу әдістемесін дайындаушы әзірлейді және өнім өндірушімен келіседі.*

7.3 *Өрт сөндіру бағанасын біліктілікке сынау бағыт сілтейтін топтаманың немесе өндірілген алғашқы топтың үлгілеріне кәсіпорынның өнімді шығаруға әзірлігін анықтау мақсатымен жүргізіледі.*

7.4 Қабылдау-тапсыру сынақтарын өрт сөндіру бағанасының тұтынушыға (тапсырыс берушіге) жіберуге жарамдылығы туралы шешім қабылдау мақсатымен дайындаушы жүргізеді.

7.5 Кезеңдік сынақтар техникалық процестің тұрақтылығын және өнім сапасын бақылау мақсатымен қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен өрт сөндіру бағаналарына кемінде жылына бір рет жүргізіледі.

Сынаққа өрт сөндіру бағанасының кемінде үш үлгісі алынады.

7.6 Типтік сынақтар өрт сөндіру бағанасының құрылысына немесе дайындау технологиясына жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі параметрлерге әсер етуге қабілетті өзгерістер енгізу кезінде жүргізіледі.

Типтік сынақтардың көлемі мен жүргізу әдістемесін дайындаушы әзірлейді және өнім өндірушімен келіседі.

7.7 Сенімділікке сынауды дайындаушы төрт жылда бір рет жүргізеді.

Сынаққа қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен өрт сөндіру бағаналарының кемінде үш данасы алынады.

7.8 *Сертификаттау сынақтары өрт сөндіру колонасына олардың* [4], *осы стандарттың талаптарына, сондай-ақ пайдалану құжаттарына сәйкестігін анықтау мақсатымен жүргізіледі.*

Өрт сөндіру бағаналарына сертификаттау сынағын жүргізу тәртібі [5] *бекіту туралы» талаптарына сәйкес болуы тиіс.*

7.9 Өрт сөндіру бағаналарына қабылдау-тапсыру, кезеңдік және сертификаттау сынақтарын жүргізу көлемі *В қосымшасындағы В.1 кестеге сәйкес қабылданады.*

7.10 Өрт сөндіру колокаларын бақылап сынаудың басқа түрлерін ГОСТ 16504 талаптарына сәйкес дайындаушы мен әзірлеуші бірігіп әзірлеген бағдарлама бойынша дайындаушы жүргізеді.

7.11 Сынақтың қандай да бір түрі бойынша кері нәтижелер алынған жағдайда сыналатын үлгілердің саны екі еселенеді және сынақ толық көлемде жүргізіледі.

Кері нәтижелер қайталанса, себептері анықталып, ақаулар жойылғанға дейін сынақты одан әрі жүргізу тоқтатылады.

Қайталап жүргізілген сынақтардың нәтижелері түпкілікті болып табылады және сыналатын өнімнің барлығына таралады.

8 Сынау әдістері

8.1 *Сынақ шарттары*

8.1.1 *Сынақтар, егер өнімнің нақты түріне берілген пайдалану құжаттамасында ерекше жағдайлар көрсетілмесе, ГОСТ 15150–69 (қараңыз- тармақ 3.15)сәйкес қалыпты ауа-райлық жағдайларда жүргізіледі.*

8.1.2 *Сынауға арналған үлгілерді іріктеп алу «Сәйкестікті растау рәсімдері» техникалық регламентін бекіту туралы» және ГОСТ 18321 талаптарына сәйкес жүргізіледі.*

8.1.3 *Пайдалану құжаттамасында көзделмеген өрт сөндіру колокаларын қосымша дайындауға жол берілмейді.*

8.1.4 *Жүргізілген сынақтардың нәтижелері деп өрт сөндіру колокасының әрбір көрсеткішінің кемінде үш өлшеуінің орташа арифметикалық мәні қабылданады.*

8.2 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтары*

8.2.1 *Сынақ жүргізу кезінде қолданылатын өлшеу құралдарының ҚР СТ 2.21сәйкес типінің бекітілгені туралы немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестатталуы туралы сертификатының болуы, Қазақстан Ресбуликасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесінің тізілімінде тіркелуі тиіс.*

8.2.2 *Нормаланған сыртқы әсер ету факторларын қалыптастыратын және (немесе) жүктеме беретін сынақ жабдығы ҚР СТ 2.75. сәйкес аттестатталуы тиіс.*

8.2.3 *Сынақтар жүргізу үшін осы стандартта берілмеген, 8.2.1 және 8.2.2 талаптарына сәйкес келетін, ұқсас метрологиялық сипаттары бар және нормаланған сыртқы әсер ету факторларын қалыптастыратын және (немесе) жүктеме беретін өлшеу құралдарын пайдалануға жол беріледі.*

8.3 Сынақ жүргізу

8.3.1 Габариттік және қосылыс өлшемдерін анықтау сынақтары

8.3.1.1 *Өлшеу құралдары:*

а) ГОСТ 166 бойынша штангенциркуль, өлшеу ауытқушылығы ± 0,05 мм.

б) ГОСТ 427 бойынша металл сызғыш по, өлшеу ауытқушылығы ± 0,05 мм.

8.3.1.2 *Сынақ жүргізу*

Өрт сөндіру бағанасының габариттік және қосылыс өлшемдері, кіріс келте құбырының шартты өтуі, шығыс келте құбырының шартты өтуі, кіріс келте құбырының осінен шығыс келте құбырының осіне дейінгі арақашықтық 1 мм дейінгі дәлдікпен өлшенеді.

Өрт сөндіру бағанасының орталық кілтінің шаршысын өлшеуді ГОСТ 166 бойынша штангенциркульмен 0,1 мм дейінгі дәлдікпен жүргізеді.

8.3.1.3 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.1.2 (кесте 1, параметрі 2,3 және 5), 5.2.1, 5.2.3 және 5.2.5 талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру бағанасы сынақтан өтті деп есептеледі.

8.3.2 Өрт сөндіру гидрантының салмағын анықтау сынақтары

8.3.2.1 *Өлшеу құралдары*

Сынақ жүргізу үшін өлшеу ауытқушылығы *кемінде 25 кг және негізгі ауытқушылық шегі ± 0,5 кг таразы қолданылады.*

8.3.2.2 *Сынақ жүргізу*

Өрт сөндіру бағанасының салмағын анықтау сынақтары таразыда өлшеумен жүргізіледі.

8.3.2.3 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.1.2 (кесте 1, параметрі 6) талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру бағанасы сынақтан өтті деп есептеледі.

8.3.3 Өрт сөндіру бағанасының тұрқында орналасқан бұранда сақинаның ішкі бұрандасының көрсеткіштерін анықтау сынақтары

8.3.3.1 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтары:*

а) ГОСТ 17756 және ГОСТ 17757 бойынша бұранда тығындар;

б) ГОСТ 6357 бойынша бұранда колибрлері;

в) ГОСТ 18929 және ГОСТ 18930 бойынша бұранда сақиналар;

г) ГОСТ 166 бойынша штангенциркуль, өлшеу ауытқушылығы ± 0,05 мм.

8.3.3.2 *Сынақ жүргізу*

Өрт сөндіру бағанасының тұрқында орналасқан бұранда сақинаның ішкі бұрандасының көрсеткіштері ГОСТ 6357 бойынша бұранда калибрлерімен немесе бұранда диаметрін 0,1 мм дейінгі дәлдікпен және жіп санымен анықталады.

Метрикалық бұранданың көрсеткіштері ГОСТ 17756, ГОСТ 17757 бойынша бұранда тығындармен және ГОСТ 17763, ГОСТ 17764 бойынша бұранда сақиналармен анықталады.

Цилиндрлік құбыр бұрандалар ГОСТ 18925, ГОСТ 18926 бойынша бұрандалық тығындармен және ГОСТ 18929 бен ГОСТ 18930 бойынша бұрандалық сақиналармен өлшенеді.

8.3.3.3 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.2.2 және 5.3.4. талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру бағанасы сынақтан өтті деп есептеледі.

8.3.4 Өрт сөндіру бағанасының орталық кілтінің бүлендеуішінің жұмыс қабілеттілігін анықтау сынақтары

8.3.4.1 *Сынақ жүргізу*

Шығыс келте құбырларының бекіткіш құрылғыларын тірекке таяп ашады.

Бекіткіш құрылғылар ашылғаннан кейін өрт сөндіру бағанасының орталық кілті бұралмауы тиіс.

8.3.4.2 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.2.4. талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру бағанасы сынақтан өтті деп есептеледі.

8.3.5 Өрт сөндіру бағанасы тұрқының беріктігін анықтау сынақтары

8.3.5.1 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтары:*

а) *гидравликалық стенд:*

- ортадан тепкіш сорғыш , өнімділігі кемінде 40 л/с;

- манометр, ГОСТ 2405 бойынша, өлшеу ауқымы 0 ден 1,6 МПа дейін және дәлдік класы 0,4;

- өлшеу ыдысы, сыйымдылығы кемінде 2 $м^3$, ауытқушылығы ± 0,01 $м^3$;

б) *сынау ортасы: су,* ГОСТ 2874 бойынша;

в) *секундөлшегіш, өлшеу ауытқушылығы 1 с, 1 сағ..*

8.3.5.2 *Сынаққа дайындық*

Өрт сөндіру бағанасы гидравликалық стендке орнатылады.

Өрт сөндіру бағанасының барлық бекіткіш құрылғылары тірекке таяп ашылады, бұл кезде шығыс келте құбырлар тығындалуы тиіс.

8.3.5.3 *Сынақ жүргізу*

Ортадан тепкіш сорғыш қосылады.

ГОСТ 2405 бойынша манометрдің және ортадан тепкіш сорғыштың көмегімен өрт сөндіру бағанасына берілген пайдалану құжаттамасында белгіленген жұмысшы қысымнан 1,5 есе мәнге сәйкес келетін гидравликалық қысым орнатылады.

Гидравликалық қысым астында шыдау мерзімі кемінде (120 ± 2) с болуы тиіс.

Белгіленген уақыт өткенде ортадан тепкіш сорғыш жабылады және өрт сөндіру бағанасы сырттай қарап тексеріледі.

8.3.5.4 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.2.6 талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру бағанасы сынақтан өтті деп есептеледі.

8.3.6 Өрт сөндіру бағанасының жалғағыштары мен тығыздағыштарының саңылаусыздығын анықтау сынақтары

8.3.6.1 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтары:*

а) *гидравликалық стенд:*

- ортадан тепкіш сорғыш;

- манометр, ГОСТ 2405 бойынша, өлшеу ауқымы 0 ден 1,6 МПа дейін және дәлдік класы 0,4;

- өлшеу ыдысы, сыйымдылығы кемінде 2 $м^3$, ауытқушылығы ± 0,01 $м^3$;

б) *сынау ортасы: су,* ГОСТ 2874 бойынша;

в*) зертханалық өлшеу ыдысында, ГОСТ 1770 бойынша;*

г) *секундөлшегіш, өлшеу ауытқушылығы 1 с, 1 сағ..*

8.3.6.2 *Сынаққа дайындық*

Өрт сөндіру гидранты гидравликалық стендке орнатылады.

Өрт сөндіру бағанасының жалғағыштары мен тығыздағыштарының саңылаусыздығы екі жағдайда:

а) бекіткіш құрылғылар жабық күйде;

б) бекіткіш құрылғылар ашық күйде анықталады, бұл ретте шығыс келте құбырлар тығындалуы тиіс.

8.3.6.3 *Сынақ жүргізу*

Ортадан тепкіш сорғыш қосылады.

ГОСТ 2405 бойынша манометрдің және ортадан тепкіш сорғыштың көмегімен өрт сөндіру бағанасына берілген пайдалану құжаттамасында белгіленген жұмысшы қысымнан 1,2 есе мәнге сәйкес келетін гидравликалық қысым орнатылады.

Гидравликалық қысым астында шыдау мерзімі кемінде (120 ± 2) с болуы тиіс.

Белгіленген уақыт өткенде ортадан тепкіш сорғыш жабылады және өрт сөндіру бағанасы сырттай қарап тексеріледі.

Бекіткіш құрылғылардан аққан су мөлшері өлшеу ыдысының көмегімен өлшеу арқылы анықталады.

8.3.6.4 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.2.7 талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру бағанасы сынақтан өтті деп есептеледі.

8.3.7 Жинақтаушы бірліктер мен бөлшектерді өзара алмастыруды анықтау сынақтары

8.3.7.1 *Сынақ жүргізу*

Жинақтаушы бірліктер мен бөлшектерді өзара алмастыруды анықтау сынақтары біртиптік өлшемдегі екі өрт сөндіру бағанасында жинақтаушы бірліктер мен бөлшектерді ауыстырып қою жолымен жүргізіледі, бұл кезде бөлшектерді шақтауға жол берілмейді.

8.3.7.2 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.3.2 талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру бағанасы сынақтан өтті деп есептеледі.

8.3.8 Орталық кілттің айналуы кезіндегі оның сабындағы айналу сәтін анықтау сынақтары

8.3.8.1 *Өлшеу құралдары*

а) динамометр, ГОСТ 13837 бойынша, өлшеу шегі 100 Н дейін, дәлдік класы 2 артық емес;

б) металл сызғыш, ГОСТ 427 бойынша, өлшеу ауытқушылығы ± 0,05 мм.

8.3.8.2 *Сынақ жүргізу*

Кілт сабындағы күш динамометрмен анықталады, бұл кезде күшті орталық кілт сабынан 10 мм ден 20 мм дейін аралықта түсіреді, жазық бетте сапқа препендикуляр түсіреді.

Орталық кілттің айналуы кезіндегі оның сабындағы айналу сәтінің шамасы $M_{кр}$, (Н·м) (1) формуласы бойынша анықталады:

$$M_{кр} = F \cdot L, \qquad (1)$$

мұндағы F – кілттің сабына түсірілген күштің шамасы;

L – кілттің осінен күш түсіру түктесіне дейінгі аралық.

8.3.8.3 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.4.1 талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру бағанасы сынақтан өтті деп есептеледі.

8.3.9 Бекіткіш құрылғының тегершігін айналдыруға қажетті күшті жұмысшы қысымның әсерімен анықтау сынақтары

8.3.9.1 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы:*

а) *гидравликалық стенд:*

- ортадан тепкіш сорғыш ;

- манометр, ГОСТ 2405 бойынша, өлшеу ауқымы 0 ден 1,6 МПа дейін және дәлдік класы 0,4;

- өлшеу ыдысы, сыйымдылығы кемінде 2 м^3, ауытқушылығы ± 0,01 м^3;

б) *сынау ортасы: су,* ГОСТ 2874 бойынша;

в) динамометр, ГОСТ 13837 бойынша, өлшеу шегі 100 Н дейін, дәлдік класы 2 артық емес;

г) металл сызғыш, ГОСТ 427 бойынша, өлшеу ауытқушылығы ± 0,05 мм.

8.3.9.2 *Сынаққа дайындық*

Өрт сөндіру бағанасы гидравликалық стендке орнатылады.

Күшті өлшеу үшін басқару органын (тегершікті) радиусы басқару органының (тегершіктің) сызықтық өлшеміне тең шкивпен алмастыру қажет, оған өлшеу жүргізуге жеткілікті түрде ыңғайлы жіпті 8 ден 10-ға дейін ораммен орайды. Жіптің бір ұшын шкивке бекітеді, ал екінші ұшын динамометрге жалғайды.

8.3.9.3 *Сынақ жүргізу*

Ортадан тепкіш сорғыш қосылады.

ГОСТ 2405 бойынша манометрдің және ортадан тепкіш сорғыштың көмегімен өрт сөндіру бағанасының пайдалану құжаттамасына сәйкес жұмысшы гидравликалық қысым орнатылады.

Динамометрге шкивті айналдыруға қажетті күш түсіріледі, бұл кезде динамометрге күш түсіру осі шкивтің осіне перпендикуляр болуы тиіс.

8.3.9.4 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.4.2 талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру бағанасы сынақтан өтті деп есептеледі.

